

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы АНЫҚТАМАСЫ

Жаңатас қаласы

09.08.2023 жыл

Ішкі талдау объектісі: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (*ары қарай Кәсіпорын*).

Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы №1 . Жұмыс телефоны: 8 72634 62614.

Электрондық поштасы: kolledzh@mail.kz.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы:

- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Коданов Дуйсенбай Ойыкбаевич.
- Тойшибаева Айсулу Кенесовна, бас бухгалтер;
- Айнекова Гульжан Дуйсенбаевна, кадр бөлімінің меңгерушісі.
- Нурманова Салтанат Биржановна, есепші.

Комиссия тобы Жаңатас көпсалалы колледж кәсіпорынның директоры Н.Е.Туйтебаеваның 2023 жылғы 21 маусым № 60 Ө/Қ бұйрығымен құрылған.

Ішкі талдау қамтылған кезеңі: 01.01. – 31.07.2023 жыл аралығы.

Ішкі талдау жүргізілген мерзімі: 2023 жылдың 03 шілдеден бастап 31 шілде аралығы.

Жауапты уәкілетті тұлғалар:

- Кәсіпорын директоры Н.Туйтебаева.
- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Коданов.
- Бас бухгалтер А.Тойшибаева.
- Есепші С.Нурманова.
- Кадр бөлімінің қызметкері Г.Айнекова.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелген) жүргізілді.

Кәсіпорында 6 бөлім құрылған:

1. Әкімшілік бөлімі.
2. Қаржы бөлімі.
3. Шаруашылық бөлімі.
4. Оқу ісі бөлімі.
5. Әдіскер бөлімі.
6. Тәрбие ісі бөлімі.
7. Өндірістік шеберлер бөлімі.

Кәсіпорын қызметкерлер саны – 107 қызметкер. Оның ішінде педагогтар саны – 54.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

Кәсіпорынында бекітілген Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

II. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1. Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:

2023 жылы есепті мерзімге дейін жұмыстан босатылған адамдар саны – 5, барлығы келісім шарт мамандары, өз еріктерімен жұмыстан босатылды – 4, зейнеткерлік жасқа толған - 1.

Жұмысқа қабылданған адамдар саны – 2 барлығы келісім шарт мамандары.

2022 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейінгі аралықта,

жұмыстан босатылған адамдар саны – 3, өз еріктерімен жұмыстан босатылды -2, зейнеткерлік жасқа толған - 1. Қабылданған – 3 келісім шарт бойынша.

«Жаңатас көпсалалы колледж» МКҚК – ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» колледжге бекітілген Жарғы аясында және білім

саласына қатысты ҚР басқа да Заңдарын, нормативтік – құқықтық актілері бойынша қызмет атқарады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша: Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мүдделер қақтығыстығы орын алмаған.

3. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша: Кәсіпорын басшысы өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады. Жеке құрам бұйрықтарға қатысты ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Өндірістік қажеттілікке байланысты бұйрықтар кәсіпорынының жалпы жұмысына қатысты және олар қандайда бір тәуекелдерді туындатуға алып келмейді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну - 430.

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру-4

6. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру- 23.

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру- 3.

8. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру – 0.

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау – 3.

10. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 32.

11. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау -12.

III. Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар Кәсіпорындағы тәрбие бөлімі фейсбук және инстаграм парақшаларына салынған, (сілтемелері көрсетілген).

VI. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері:

Кәсіпорындағы тексерулердің нәтижелері (барлық тексерістер мен зерделеулерді кім жүргізді және қысқаша қортындылары 01.01. – 31.07.2023 жыл аралықтағы кезең бойынша).

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңының 2,8 бабының 6 бөлігі, 13 бабы және ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 15 бабы негізінде, ДЭР-07-11 №677-4 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың сәуір айының 18 жұлдызынан Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК-нда қаржылық зерделеулер мониторингі жүргізілді.
2. Қарастырылған кезең: 2019-2023 жыл аралығы
3. Осы кезеңге мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысқан жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік сатып алу заңдылығын бұзуына орай жүргізілген соттың шешімдері мен қаулыларының көшірмелері, шешімдері қарастырылды.

Кәсіпорында өткізілген мемлекеттік сатып алулар саны және өткізу тәсілдері, олардың қорытындылары мен келісім шарттары және орындалу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдары аясында жүргізіледі.

Есептік кезеңде жоғарыда аталған функциялар бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері мемлекеттік сатып алулар кезеңінде анықталған жоқ.

VII. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ағымдағы жылдың есептік кезеңінде профилактикалық және атқарылған іс-шаралар ақпараты төмендегідей:

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі Кәсіпорын басшысының тұрақты бақылауында. Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іс-шаралар туралы:

1. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрышы мен өтініштер үшін арнайы жәшік орнатылған және кәсіпорынының «Комплаенс қызметі» бойынша <https://zhanatas-jkk.edu.kz/kz/syбайlas-zhem-orly-a-arsy-k-res.html> сайтқа мәліметтер енгізілді.
2. Кәсіпорын тарапынан есепті мерзімге дейін сыбайлас жемқорлыққа байланысты кәсіпорыны студенттерімен және оқытушыларымен кәсіпорыны бөлімдерінің қызметкерлерімен бірлесе тұрақты түрде іс-шаралар өткізілуде. Кәсіпорынының (инстаграм парақтамаларына сілтемелері көрсетілген).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы топ төмендегі ұсынымдарды енгізеді:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу. Мерзімі - тұрақты.

3. Кәсіпорыны Жарғысында бақылау функцияларын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды бұзбау. Мерзімі - тұрақты.

4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер күзіретіне кірмесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес күзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау. Мерзімі - тұрақты.

5. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау. Мерзімі - тұрақты.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Мерзімі - тұрақты.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Директор



[Handwritten signature]

Н. Туйтебаева

Директордың орынбасары

[Handwritten signature]

Д.Коданов

Бас бухгалтер

[Handwritten signature]

А.Тойшибаева

Есепші

[Handwritten signature]

С.Нурманова

Кадр бөлімінің меңгерушісі
комплаенс-қызметінің
офицері

[Handwritten signature]

Г.Айнекова